

# **gorenje**



**Шыны керамикалық индукциялық  
пісіру панелі**

**ICE3500DP**

**Пайдалану жөніндегі басшылық**


**KZ**

KZ

**ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ... 00**

## Ескі аспапты кәдеге жарату



Бұйымдағы немесе оның қаптамасындағы символ  оның тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратылмауы тиіс екенін көрсетеді. Оның орнына оны одан ары кәдеге жарату үшін оны электронды және электрлік жабдықтардың тиісті орындарына тапсырған жөн. Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтау арқылы осы сияқты қалдықтармен тиісті түрде әрекет жасамау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз. Бұйымды кәдеге жарату туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына, шақырылатын және қалдықтарды кәдеге жаратын қызметке немесе осы бұйымды сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

## Дұрыс қолдану

Бұл пісіру панелін тек үй жағдайында тағам пісіру үшін қолданған жөн.

## Маңызды ақпарат

Аспапты қолдануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ол аспапты ұзақ жылдар бойы қолдану үшін қауіпсіздік техникасы туралы және аспапты қалай қолдану және оған қалай күтім жасау керектігі туралы ақпараттардан тұрады.

Пісіру панелінің жұмысында кідірістер болған жағдайда ең алдымен «Ақаулар туындаған кезде не істеу керек?» бөлімін оқып шығыңыз. Көбінесе ұсақ ақауларды сервис қызметіне жүгінбей-ақ өз бетіңізше шеше аласыз. Бұл нұсқаулықты сенімді жерде сақтаңыз, ал аспапты жаңа пайдаланушыға берген кезде оған осы нұсқаулықты да қоса беріңіз.

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Орнату және жалғау

- Біздің аспаптар қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сай келеді.
- Қолданылмайтын бұйымды қолдануға жарамсыз ету қажет. Ол үшін пісіру панелін электр желісінен ажыратыңыз, байланыстыру кабелін кесіп тастаңыз, өйткені ол ойнап жүрген балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
- Аспапты желіге қосуды, оны жөндеуді және қызмет көрсетуді қолданыстағы ескертулерге сәйкес тек білікті маман ғана жүргізуі тиіс. Өзіңіздің қауіпсіздігіңіз үшін сервис қызметінің мамандарынан басқа адамдарға аспапты орнатуға, қызмет көрсетуге және жөндеуге рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны қосар алдында электрлік желі розеткасындағы қорек параметрлерінің (16А, 230В) дұрыстығын тексеріңіз. Үйдегі электрлік желі 16А сәйкес келген жағдайда ғана құрылғыны қолдануға рұқсат етіледі.
- Шу деңгейі:  $L_c = 70$  дБ (А)

### Пісіру панелінің жұмысы бойынша маңызды ескертпелер



Тағам дайындау барысында аспаптың беттеріне және оның қыздыру элементтеріне қолыңызды тигізбеңіз. Жұмыс кезінде беттер қызып кетеді. Балаларды қауіпсіз арақашықтықта ұстаңыз. Күю қауіпі бар.

- **Қосылып тұрған пісіру панелін қараусыз қалдырмаңыз, өйткені қуаттың жоғарғы деңгейін (power max.) орнату кезінде қызу жылдамдығы өте жоғары.**
- Аспапты тегіс, көлденең, құрғақ әрі тұрақты бетке орнатыңыз және қолданыңыз.
- Дайындау барысында ыдыстағы сұйықтықтың буланып кетуінің алдын алу үшін конфоркалардың қызу жылдамдығын қадағалаңыз!!
- Қосылып тұрған конфоркаларға бос кастрюльдер мен табаларды қоймаңыз.
- Баяу отта пісіру барысында сұйықтықтың буланып кетпеуін қадағалаңыз, өйткені бұл ыдыстың немесе пісіру панелінің бүлінуіне алып келуі мүмкін, оған кепілдік міндеттемелері қолданылмайды.
- Дайындау аяқталғаннан кейін міндетті түрде аспапты өшіріңіз.
- Қызу кезінде май мен өсімдік майы тез жанады, сондықтан тағамдарды майда және өсімдік майында дайындау кезінде пісіру панелін қараусыз қалдырмаңыз. Егер өрт туындаса, оны сумен сөндіруге әрекет жасамаңыз! Ыдыстың қақпағын жауып, конфорканы өшіріңіз.
- Пісіру панелінің шыны-керамикалық беті өте берік, дегенмен, оның үстіне қатты заттарды құлатпаңыз, оның өткір жиектері жабынды сындырып жіберуі мүмкін.
- Пісіру панелінде сызаттар, сынықтар немесе басқа да бүлінулер пайда болған кезде аспапты тез арада өшіріңіз. Оны желіден ажыратыңыз және сервис қызметіне хабарласыңыз.
- Егер пісіру панелі сенсорлы басқару панеліндегі ақаулардың салдарынан қосылмайтын болса, тез арада аспапты өшіріп, сервис қызметіне хабарласыңыз.
- Басқа асхана аспаптарын қолдану кезінде қорек шнурларының конфоркаға тиіп тұрмауын қадағалаңыз.
- Ыдысты және басқа да заттарды пісіру панелінде қалдырмаңыз.
- Конфоркаға фольганы және пластиктен жасалған заттарды қоймаңыз. Балқып немесе еріп кетуі мүмкін (фольга, пластик және әсіресе, қант және құрамында қант бар өнімдер) заттардың ыстық конфоркалармен жанасуына жол бермеңіз. Пісіру панелінің бүлінуінің алдын алу үшін тез арада күйіп кеткен қантты беттен (әлі де ыстық болған кезде) әйнекке арналған арнайы қырғыш көмегімен тазалап алыңыз. Пісіру панелінде бос металл заттарды (кастрюльдер, табалар, асхана аспаптары) қалдырмаңыз, өйткені олар қатты қызып кетуі мүмкін. Күю қауіпі бар!

- Тез жанатын және жылу әсерінен түрін өзгертетін материалдардан жасалған заттарды пісіру панеліне тікелей жақын қоюға болмайды.
- Пісіру панеліне тікелей жақын тұрған кезде киімдегі немесе денедегі металл заттар қатты қызып кетуі мүмкін. Абай болыңыз! Күйіп қалмаңыз! Мұның күміс және алтын сақиналарға қатысы жоқ.
- Ешқашан пісіру панелінде банкалардағы консервілерді немесе композициялық материалдардан жасалған қаптамалардағы өнімдерді қыздырмаңыз. Олар жарылуы мүмкін!
- Сенсорлы басқару панелін таза күйде ұстаңыз, аспап ласты саусақтың әсері ретінде қабылдауы мүмкін. Басқару панеліне ешқашан ешнәрсе (таба, асхана сүлгісі) қоймаңыз! Егер тасыған өнімдер сенсорды датчиктерге тиіп кетсе, OFF батырмасын басуды ұсынамыз.
- Ыстық таба сенсорлы датчиктерге тиіп кетпеуі тиіс, әйтпесе аспап автоматты түрде өшіп қалады.
- Егер балалар немесе үй жануарлары қосылып тұрған пісіру панелінің жанында қараусыз қалатын болса, қорғайтын блоктауды қосыңыз.
- Кірістірілген духовканы пиролитикалық тазалау кезінде индукциялық пісіру панелін қоспаңыз.
- Аспап сыртқы таймерге және сыртқы қашықтықтан басқару блогына жалғауға арналмаған.
- Аспап сыртқы таймерге және сыртқы қашықтықтан басқару блогына жалғауға арналмаған.
- Желілік кабельдің шәйнек орнатылған үстелдің немесе жұмыс бетінің жиегінен салбырап тұрмауын қадағалаңыз.

## Адамдардың қауіпсіздігі жөніндегі маңызды ескертулер

### Абай болыңыз!

Назар аударыңыз, аспап және оның бөлшектері қолдану кезінде қызады. Сақ болыңыз, қыздыру элементтеріне қолыңызды тигізбеңіз. 8 жасқа толмаған балаларға бұл аспапты ересектердің тұрақты бақылауысыз қолдануға тыйым салынады.

Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.

Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар қолдана алады; физикалық, сезімталдық және ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалай қолдану керегін білмейтін адамдар тек бақылаумен және қауіпсіз қолдануды және оған байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамдардың бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.

Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.

Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.  
Аспапты және оның желілік шнурын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## Назар аударыңыз

- Электрокардиостимуляторлары және инсулин дозаторлары бар науқастар имплантталған аспаптарға индукцияның әсер етпейтініне көз жеткізуі тиіс ( индукциялық пісіру панелінің жиілік диапазоны 20-50 кГц құрайды).

## АСПАП СИПАТТАМАСЫ

### Пісіру панелі

Пісіру панелі индукциялық қызу жүйесімен жабдықталған. Шыны керамикалық бет астында орналасқан индуктор ауыспалы электр магнитті өріс тудырады, нәтижесінде ыдыс түбінде ток индукцияланады, бұл қызуға алып келеді. Жылу конфоркаларды аралық қыздырусыз тікелей ыдыс түбінде түзіледі.

### Индукциялық пісіру панелдерінің артықшылықтары

- Жылудың ыдысқа тікелей берілуінің арқасында дайындау барысында электр энергиясы үнемделеді (магниттелмейтін материалдардан жасалған ыдысты қолдану қажет).
- Энергияның конфоркада ыдыс болған кезде ғана берілуінің арқасында қауіпсіздік жоғары.
- Энергияны конфоркадан ыдыс түбіне жоғары тиімділікпен беру.
- Жеделдетілген қыздыру.
- Күю қауіпі төмен, өйткені конфорка ыдыс түбінде ғана қызады. Тасып кеткен жағдайда тағам бетте күйіп кетпейді.
- Энергия беруді жылдам реттеу.

## ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПІСІРУ ПАНЕЛІН ҚОЛДАНУ

### Индукциялық пісіру панеліне арналған ыдыс

Индукциялық панелде дайындау үшін ферромагнитті қасиеттері бар металл ыдыстарды қолданған жөн. Ыдыс түбінің диаметрі жеткілікті болуы тиіс.

Түбі индукциялық панелде пісіру үшін жарамды кастрюльдерді ғана қолданыңыз.


Ыдыстың индукциялық панелдер үшін жарамды екенін қалай анықтаймыз:

Сәйкес келетін ыдыс	Сәйкес келмейтін ыдыс
Негізі қалың эмаль болаттан жасалған ыдыс.	Мыстан, тот баспайтын болаттан, алюминийден, ыстыққа төзімді шыныдан, ағаштан, керамика мен терракоттан жасалған ыдыс.
Эмаль негізі бар шойын ыдыс.	
Көп қабатты тот баспайтын болаттан, ферромагнитті болаттан немесе арнайы негізі бар алюминийден жасалған ыдыс.	

Төменде берілген магнитті сынақты орындаңыз немесе ыдыста индукция көмегімен дайындауға жарамдылығы белгісінің бар-жоғын тексеріңіз.

### Магнитпен тест

Магнитті ыдыс негізіне жақындатыңыз. Егер ол тартылса, ыдысты индукциялық панельде қолдануға болады.



### Ескертпе

Кейбір өндірушілердің индукция үшін жарамды ыдысты қолдану кезінде осы ыдыстың конструкциясына байланысты шуыл туындауы мүмкін.

Бая отта дайындау кезінде сақ болыңыз, өйткені сұйықтық байқамай буланып кетуі мүмкін, бұл ыдыстың немесе индукциялық панельдің бүлінуіне алып келеді, оларға кепілдік міндеттемелері берілмейді.

Конфорка диаметрі	Ыдыс түбінің минималды диаметрі
Ø 200 мм	Ø 120 мм

Индукциялық пісіру панелінде дайындау сәйкес келетін ыдысты қолданған жағдайда ғана мүмкін болады. Индукциялық пісіру панелінде дайындау үшін ферромагнитті материалдардан жасалған ыдыстарды қолдануға болады. Бұл болат, болат эмальды ыдыс және құйылған болат ыдыс. Мыс немесе алюминий түбі бар қоспалы болат ыдыстарды және өйнек ыдыстарды қолдануға болмайды.




### Қыздыру қуатын таңдау

Пісіру панелінде конфоркаларды қыздырудың түрлі деңгейлерін орнатуға болады. Төменде берілген кестеде түрлі деңгейлерді қолданудың бірнеше мысалы берілген.

Қыздыру деңгейі	Мақсаты
1	Тағам температурасын ұстап тұру. Тағамның аз мөлшерін дайындауды аяқтау <b>(минималды қуат)</b> .
2	Баяу отта дайындау.

3-4	Баяу отта тағамдардың көп мөлшерін дайындау немесе еттің үлкен тілімдерін дайын болғанша бұқтыру.
5-6	Шырынын шығарып қуыру.
7	Қуыру.
8	Қуыру (максималды қуат).


## ИНДУКЦИЯЛЫҚ ПІСІРУ ПАНЕЛІ



Сіздің пісіру панеліңіздің дизайны суреттегіден өзгеше болуы мүмкін.

1. Конфорка
2. Сенсорлы басқару панелі

## ПАНЕЛЬДІ СЕНСОРЛАР КӨМЕГІМЕН БАСҚАРУ



1. ҚОСУ/СӨНДІРУ
2. Балалардан қорғайтын блоктау
3. Слайдерлі сенсор
4. Функцияны таңдау
5. Таймер
6. Дисплей
7. Оң жақтағы пісіру панелін таңдау
8. Сол жақтағы пісіру панелін таңдау



## Аспапты басқару

Аспапты электр желісіне жалғағаннан кейін дыбысты сигнал беріледі және аспаптың электр желісіне жалғанғанын және күту режимінде тұрғанын көрсететін сенсор [ҚОСУ/ӨШІРУ] астында индикатор жыпылықтай бастайды. Конфорканың ортасына сәйкес келетін ыдысты орнатыңыз, егер [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсоры басылса, дисплейде [----] жанады. Аспап функцияны таңдау режиміне ауысады және [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсорының астында индикатор жанып тұрады. Сенсормен қажетті функцияны таңдап, жұмысты бастаңыз. Жұмысты тоқтату және аспапты өшіру үшін [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсорын басыңыз.

## Жұмыс режимдері

### Қуаты

- 7 немесе 8 сенсорын басыңыз, қуат индикаторы жанады, дисплейде әдепкі қалпы бойынша орнатылған қуатты көрсететін [--] индикациясы жанады. Қуатты слайдерді сенсор көмегімен 3-ке өзгертуге болады.
- Қуаттың 7 деңгейі бар:  
P1: 300 Вт, P2: 600 Вт, P3: 1000 Вт, P4: 1300 Вт, P5: 1500 Вт, P6: 1800 Вт, P7: 2000 Вт.
- Басқа режимді таңдау үшін [ФУНКЦИЯНЫ ТАҢДАУ] сенсорын басыңыз. Аспапты сөндіру үшін [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсорын басыңыз.

### Температурасы

- Слайдерді сенсор көмегімен өзгертуге болатын температура индикаторы жанбайынша [ФУНКЦИЯНЫ ТАҢДАУ] сенсорын баса беріңіз
- Қуаттың 7 деңгейі бар:  
60°C, 90°C, 120°C, 150°C, 180°C, 210°C, 240°C.
- Басқа режимді таңдау үшін [ФУНКЦИЯНЫ ТАҢДАУ] сенсорын басыңыз. Аспапты сөндіру үшін [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсорын басыңыз.

### Қорғайтын блоктау

- Блоктауды қосу үшін сенсорды басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Блокты алу үшін жарықтандыру сенсорларын тағы басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.

## Таймер

Егер конфоркада жұмыс режимі таңдалған болса, аспап дайындау уақытын орнатуға мүмкіндік береді. [Таймер] сенсорын басыңыз, сенсордың сол жағында [Таймер] индикаторы жанады. Дисплейде әдепкі қалпы бойынша [00:30] жанады, оны слайдерлі сенсор көмегімен өзгертуге болады. Таймерді тоқтату үшін [ҚОСУ/ӨШІРУ] сенсорын басуға және күту режиміне оралуға және қуат немесе температура режиміне оралу үшін [Таймер] сенсорын басып, ұстап тұруға болады.

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ



- Тазалауды бастамас бұрын пісіру панелін өшіріп, ол суығанша күтіңіз.
- Шыны керамиканы ешқашан бу тазалағышпен және сол сияқты аспаптармен тазаламаңыз.
- Тазалау кезінде **On/Off** сенсорының айналасындағы бетті аса сақтықпен сүртіңіз. Өйтпесе панель қосылмауы мүмкін!

### Шыны керамикалық бет

**Маңызды!** Ешқашан қатты әсер ететін және абразивтік тазалау құралдарын, еріткіштерді, қатты щеткаларды және т.б. қолданбаңыз.

### Қолданып болған соң тазалау

Ластанған пісіру панелін әрқашан толықтай тазалаңыз. Мұны әр қолданудан кейін жасап тұру ұсынылады. Тазалау кезінде дымқыл шүберек пен жұмсақ жуу құралын қолданыңыз, содан соң бетте тазалау құралының іздері қалмауы үшін панельді таза құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

### Апта сайын тазалау

Пісіру панелінің аптасына бір рет шыны керамикаға арналған арнайы құралдармен мұқият сүртіп тұрыңыз.

Өндіруші нұсқауларын мұқият орындауыңызды сұраймыз.

Панельге жағылған тазалау құралы оның бетінде су мен ластан қорғайтын қорғаныс пленкасын түзеді. Ластың барлығы пленкада қалады және тез тазаланады. Содан соң панельді таза матамен құрғатып сүртіңіз. Панель бетінде тазалау құралы қалдықтарының қалмағанына көз жеткізіңіз, өйткені панель қызған кезде химиялық реакция орын алады, соның нәтижесінде бет бүлінеді.


### Ластың кейбір түрлері

**Қатты ластану** және дақтар (қақ және металл жылтыры бар бөліктер) панель сәл ғана жылы болған кезде жақсы тазартылады. Тазалау үшін арнайы тазалау құралдарын қолданыңыз.

Одан әрі 2-тармақта сипатталғандай әрекет етіңіз.

**Алдымен тасып кеткен өнімдердің қалдықтарын** дымқыл матамен кетіріп алыңыз, содан соң қалған ласты шыны керамикалық панельдерге арналған арнайы қырғыш көмегімен кетіріңіз.

Одан әрі 2-тармақта сипатталғандай әрекет етіңіз.



**Күйіп кеткен қатты** және балқыған пластикті ол әлі де ыстық болған кезде арнайы қырғыш көмегімен тез арада тазалап алу қажет. Одан әрі 2-тармақта сипатталғандай әрекет етіңіз.

Пісіру панеліне түсуі мүмкін **қиыршықтар**, мысалы картоп тазалау кезіндегі, кастрюльдерді жылжыту кезінде оның бетіне сызат түсіреді. Сондықтан панельде қиыршықтардың болмауын қадағалаңыз.

Панель **түсінің өзгеруі** оның жұмысына және шыны керамика беріктігіне әсер етпейді. Ол материалға емес, тазартылмаған және бетке жабысып қалған тағам қалдықтарына байланысты.

**Металл жылтырлары бар бөліктер** ыдыс түбімен үйкелу нәтижесінде, әсіресе алюминий түбі бар ыдыстарды немесе сәйкес келмейтін тазалау құралдарын қолданған кезде түзеледі. Панельді бірнеше рет тазалау қажет болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын декор сызылып, түбі сәйкес келмейтін ыдыстарды немесе қатты әсер ететін тазалау құралдарын қолдану салдарынан қара дақтар пайда болады.

## **АҚАУЛАР ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК**



### **Маңызды ескертпе**

Ақаулар туындаған кезде мәселені төменде берілген нұсқаулар көмегімен өз бетіңізше шешіп көріңіз.

**Төменде берілген кейбір ақауларды өз бетіңізше жоя аласыз! Сақтандырғыштар тұрақты**

**іске қосылады?**

Сервис орталығына хабарласыңыз немесе электрді шақырыңыз.

**Пісіру панелі қосылмайды?**

- Тарату қалқанындағы сақтандырғыштың іске қосылмағанын тексеріп алыңыз?
- Пісіру панелінің желіге жалғанғанын тексеріңіз?
- Басқару панелінің дымқыл шүберекпен жабылып тұрмағанын, оған сұйықтықтың ағып кетпегенін, олардың үстінде металл заттардың тұрмағанын тексеріңіз? Егер солай болса, оларды жойыңыз.
- Сәйкес келмейтін ыдысты қолданған болуыңыз мүмкін? «Индукциялық пісіру панеліне арналған ыдыс» бөлімін қараңыз.

**Сіз қолданатын ыдыс шу шығара ма?**

Себептері техникалық сипатқа ие, бұл ретте пісіру панелі мен ыдысқа қауіп төнбейді.

### Салқындататын желдеткіш өшіргеннен кейін де жұмысын жалғастырады?

Бұл қалыпты жағдай, өйткені электроника блогы салқындауын жалғастырады.

### панель жұмысы барысында шуыл пайда болады (сатырлау)?

Себепті техникалық сипатқа ие және жою мүмкін емес.

### Панельде сызаттар немесе сынықтар пайда болды?

Егер шыны керамикалық бетте сызаттар, сынықтар немесе басқа да жанама бүлінулер пайда болса, пісіру панелін тез арада өшіріңіз. Оны желіден ажыратыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз.

### Ақаулықтарды жою

Аспаптың дұрыс жұмыс жасамауы оның бұзылып қалғанын білдірмейді. Ақауды төменде берілген кестелерді басшылыққа ала отырып, өз бетіңізше жойып көріңіз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ақаулықтарды жою
Электр желісіне қосқан және ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорын басқан соң аспап жұмыс істемейді.	Электр энергиясында кідірістер бар.	Электр энергиясын беру қалпына келтірілген соң
	Сақтандырығыш іске қосылған. Байланыстыру кабелінің ашасы розеткаға дұрыс салынбаған.	Ақау себебін анықтаңыз. Егер ақауды өз бетіңізше жою мүмкін болмаса, сервис орталығына хабарласыңыз.
Қыздыру үзіліп қалды, дыбысты сигнал беріледі.	Сәйкес келмейтін ыдыс немесе ыдыс мүлде жоқ.	Индукциялық пісіруге арналған ыдысты
	Ыдыс конфорканың ортасына қойылмаған.	Ыдысты конфорканың ортасына қойыңыз.
Қыздыру қосылып тұрған кезде жұмыс жасамайды.	Ыдыс бос немесе температура өте	Аспаптың мақсатына сай қолданылатынын тексеріңіз.
	Желдету саңылаулары блокталған немесе ластанған.	Желдету саңылауларын бітеп тұрған заттарды алып тастаңыз. Жұмысты аспап суыған соң жалғастырыңыз.
Қате кодтары пайда болады:	Аспап екі сағаттан артық басқарусыз жұмыс жасап	Жұмыс жасау режимін әдепкі қалпына келтіріңіз немесе
	E0: ыдыс жоқ. E1: төмен кернеу. E2: жоғары кернеу. E3: терморезистор ашылған. E4: терморезистордың қысқаша тұйықталуы. E5: БТИЗ транзисторы ашылған. E6: БТИЗ транзисторының қысқаша тұйықталуы; E7: қызып кетуден қорғау. E8: температуралық датчиктің қызып кетуі. E9: терморезистордың	E0 қатесінің индикациясы кезінде ыдыстың индукциялық дайындауға сай келетінін тексеріңіз немесе аспап суыған соң қайта қосыңыз. E1-E8 қателерінің индикациясы кезінде сервис орталығына хабарласыңыз.

Ақаулықты берілген ұсыныстарға сәйкес жою мүмкін болмаған кезде сервис орталығына хабарласыңыз, бұл ретте қате кодын хабарлаңыз. Қауіп пен жарақаттардың алдын алу үшін аспапты бөлшектемеңіз және оны өз бетіңізше жөндемеңіз.

## **КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

**Тек үйде қолдануға арналған!**

ӨНДІРУШІ АСПАПТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНА ӘСЕР ЕТПЕЙТІН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУГЕ ҚҰҚЫЛЫ.



**GORENJE**

**АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**